

Г.К. Шолпанқұлова,<sup>1\*</sup> М.Ермекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігінің құрылымы және мазмұны қарастырылады. Ғалымдардың еңбектерін талдау цифрлық құзыреттілік құбылысының өте күрделі екенін, бұл оның құрылымдық компоненттерін әртүрлі әдіснамалық аспектіде анықтаудың қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан цифрлық құзыреттілікті дамыту болашақ педагог-психологтарды дайындау үдерісін ұйымдастыруға және оның мазмұнын анықтайтын тәсілдерді өзгертуді көздейді, бұл білім беруді модернизациясын айқындайды. Білім беру жүйесінің модернизациясы ақпараттық білім беру ортасын белсенді түрде ұйымдастырудың қажеттілігін көрсетеді, оның негізгі элементтерінің бірі электрондық білім беру ресурстары болып табылады. Демек, цифрлық құзыреттілік болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындығының бірлігін сипаттайды. Болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігінің құрылымы тұлғалық-мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компонентерден тұрады.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, құзырет, цифрлық құзыреттілік, цифрлық құзыреттілікті дамыту, цифрлық құзыреттіліктің құрылымы, құрылым, мазмұн, тәсілдер.

Шолпанқұлова Г.К.,<sup>1\*</sup> Ермекова М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
Астана, Казахстан

## СТРУКТУРА И СОДЕРЖАНИЕ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ–ПСИХОЛОГОВ

*Аннотация*

В данной статье рассматривается структура и содержание цифровой компетентности будущих педагогов–психологов. Анализ работы ученых показывает, что феномен цифровой компетентности достаточно сложен, что свидетельствует о необходимости определения его структурных компонентов в различных методологических аспектах. Таким образом, развитие цифровых компетенций предполагает изменение подходов к организации процесса подготовки будущих педагогов–психологов и определению его содержания, что определяет модернизацию образования. Модернизация системы образования свидетельствует о необходимости активной организации информационной образовательной среды, одним из основных элементов которой являются электронные образовательные ресурсы. Следовательно, цифровая компетентность характеризует единство теоретической и практической подготовки будущих педагогов–психологов к осуществлению профессиональной деятельности. Структура цифровой компетентности будущих педагогов–психологов состоит из личностно-мотивационного, познавательного, деятельностного, рефлексивно-оценочного компонентов.

**Ключевые слова:** компетентность, компетенция, цифровая компетентность, развитие цифровых компетентности, структура цифровой компетентности, структура, содержание, подходы.

Sholpankulova G.,<sup>1\*</sup> Ermekova M.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Astana, Kazakhstan

## STRUCTURE AND CONTENT OF THE DIGITAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS–PSYCHOLOGISTS

### Abstract

This article discusses the structure and content of the digital competence of future educational psychologists. The analysis of scientific works shows that the model can be quite computational, quite complex, which realizes the need to determine the various structural components in terms of methodology. Thus, the development of digital competencies involves a change in approaches to organizing the process of training future psychologists and determining its content, which determines the modernization of education. The modernization of the education system indicates the need for an active organization of the educational information environment, one of the main elements of which are electronic educational resources. Consequently, digital competence characterizes the unity of theoretical and practical training of future educational psychologists for the implementation of professional activities. The structure of digital competence of future educational psychologists consists of personality-motivational, cognitive, activity, reflective-evaluative components.

**Keywords:** competence, competence, digital competence, development of digital competence, structure of digital competence, structure, content, approaches.

**Кіріспе.** Қазіргі білім беру саласында әлемнің басты үрдісі ретінде цифрландыру жетекші орын алады. Ғылыми-экономикалық, техникалық даму стратегиясын жүзеге асырудың басты шарты – «жаңа кәсіптерге қойылатын талаптар мен өзгермелі құндылықтар мен бағыт-бағдарларды ескере отырып, цифрлық ортада өмір сүріп, кәсіби қызметін жүзеге асыра алатын түлек дайындауға бағытталған ұлттық білім беру жүйесін модернизациялау» деп есептейді [1, б.10].

Білім саласын цифрландыру жағдайында кәсіби қызметте педагог түбегейлі өзгереді. Себебі, педагог ең алдымен ұйымдастырушыға айналып, білім алушыларды жеке және топтық оқу әрекетінің тәлімгері, виртуалды және шынайы әлем арасындағы делдал болады. Сондықтан «цифрлық білім беру жобасы біріншіден күнделікті өмірде пайдалануды, екіншіден, цифрлық мамандарды, соның ішінде, білім беру саласында цифрлық құзреттілікті дамытудың басты талап екіні көрсетеді [2, б.1].

Білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі «COVID-19» пандемиясы кезінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру тәжірибесімен дәлелденді. Олар оқу үрдісінің үздіксіздігін сақтауға мүмкіндік беретін құрал болды. Дегенмен, бұл жағдайға мәжбүрлі түрде көшкендіктен мамандардың біліктілігі өз дәрежесінде болмады. Аталған мәселелерді шешу мұғалімдердің біліктілігіне қойылатын талаптарды және олардың оқу үдерісін жобалау және енгізу үшін цифрлық технологияларды қолданудағы құзыреттілігін арттыруды көздейді.

Осыған байланысты біліктілігі мен дағдысы бар болашақ педагогтарды даярлау мәселелері цифрлық ортада оқу үдерісін ұйымдастыру дағдыларын алға тартады. «Цифрлық ұрпақтың» ерекшеліктерін және оны оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, цифрлық технологияларын білетін кәсіби қызметінде өте өзекті және ғылыми-педагогикалық зерттеу нысанына айналуға.

Сондықтан жоғары оқу орындарында мамандары даярлау бағдарламаларының мазмұнын жаңа тұрғыдан қарастырылуға. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесі сандық құрылғылармен, педагогикалық технологиялармен жұмыс істеу дағдысын толық меңгертуді қажет етеді. Білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру үшін цифрлық білім беру ресурстарын құру және пайдалану әдістерін кәсіби құзыреттілікте пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.

Осылайша, педагогтың кәсіби құзыреттілігінің жаңа құрамдас бөлігі – цифрлық құзыреттілік, кәсіби шеберлігінің деңгейі осы құзыретті меңгеру деңгейіне тікелей байланысты, бұл мәселені шешу үшін цифрлық жүйені қалыптастыру маңызды болып саналады.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу мақаламыздың негізгі мақсаты болашақ педагог–психологтардың цифрлық құзыреттілігін дамытудың құрамдас құрылымын бөліп көрсету және теориялық тұрғыдан негіздеу. Осы орайда жоғары білім беруді ақпараттандыру (Е.Б. Бидайбеков, Г.К. Нұрғалиева, Е.А. Әбілқасымова, А.Құсайынов, А.А. Веряев, С.А. Жданов, С.Д. Каракозов, И.В. Роберт және т.б.) мультимедия технологияларын оқу үдерісінде пайдалану (П.Б. Сейітқазы,

Н.С. Анисимова, А.В.Осин, және т.б.) еңбектері зерттеудің әдіснамалық негіздері ретінде алынады. Сонымен бірге ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, білім беру құралдарын әзірлеудің және оларды пайдаланудың іргелі негіздерін (Г.Б. Ахметова, Б.Б. Баймұханов, Т.О. Балықбаев, Д.М. Жүсібалиева, Е.С. Полат, С.С.Усенов және т.б.), бағдарламалық құралдарды пайдаланудың әдістемесін (Е.В. Артықбаева, Г.А. Мадьярова, Ж.М. Түсібаева және т.б.) зерттеген ғалымдар еңбектерінде жан-жақты талдау жасалады.

И.В. Роберт педагогикалық өнімдерді (оқу, оқу-әдістемелік, оқу-демонстрациялық, дидактикалық, анықтамалық материалдар), оқу экспериментін моделдеудің әртүрлі құралдарын (виртуалды және нақты немесе шынайы), ақпараттық-коммуникативтік технологияларды дидактикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыратын кері байланыс, компьютерлік визуализация, компьютерлік моделдеу, ақпараттарды жинау, өңдеу, архивтеу, сақтау, беруді автоматтандыру, басқару іс-әрекеттерін ақпараттық-коммуникативтік технология базасында қызмет атқаратын және электрондық түрде ұсынылатын материалдар деп түсіндіреді [3].

Е.Ы. Бидайбеков «ақпарат – қоғамның табысты даму қабілеттілігіне көп жағдайда алғышарт болып табылатын стратегиялық ресурс», ал «ақпараттандыру – адамзат қызметінің барлық қоғамдық елеулі түрлеріндегі шынайы, жекілікті және уақтылы білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені» деп тұжырымдайды [4].

Сондықтан электронды білім ресурстарының ақпараттық-технологиялық құрамдас бөлігі ақпараттық және мультимедиялық технологиялар ресурсын әзірлеуде қолданылады.

Сонымен цифрлық құзыреттілік болашақ педагог-психологтарға заманауи ақпараттық кеңістікте табысты болуға, ақпаратты басқаруға, жедел шешім қабылдауға, маңызды өмірлік құзыреттерді (қосымша білім, дағдылар, қабілеттер мен қатынастар) қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олардың ішінде, АКТ-мен жұмыс істеудің техникалық дағдылары, сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы білім беру және тәрбие үдерісін жоспарлау, талдау және басқару мүмкіндіктері маңызды рөл атқарады.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетке қажетті цифрлық құзыреттілік деңгейіне жетуі цифрлық білім беру ортасында оқу үдерісін ұйымдастыру дағдыларын ғана емес, сонымен қатар тұлғаның осы саладағы цифрлық технологияларды меңгеру, оны қолдану іскерлігі мен біліктілігін қалыптастыру ерекшеліктерін де қамтиды.

Бұл жағдайда болашақ педагог-психологтардың дербестігі өзін-өзі ынталандыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі анықтауға бағытталуы тиіс. Бірінші кезектегі негізгі міндеттерге білім берудің цифрлық трансформациясының құндылық-семантикалық концептуализациясы жатады.

Жоғарыдағы аталған тәсіл негізінде педагогтарды ынталандыру үлгілерін әзірлеу, жүйелі инновацияларға көшу, цифрлық білім берудің жүйесін құру маңызды болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерге шолу цифрлық құзіреттіліктің мазмұны мен құрылымын түсіндірудің әртүрлі тәсілдері бар екенін айтады. Цифрлық құзіреттіліктің құрылымын анықтау үшін ғалымдар қолданатын жалпы тәсілдерді қарастырылады.

Білім беруде цифрландыру саласындағы ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді және зерттеу нәтижелерін талдау «цифрлық құзыреттілік» түсінігін қарастыруда жүйелік-іс-әрекеттік тәсілдің маңызды екенін атайды, өйткені, құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері іс-әрекет мазмұнымен анықталады.

К.С. Тоджибаева мұғалімнің кәсіби педагогикалық құзыреттілігін зерттей отырып, оны «табысты қызмет үшін білімнің болуы, практика үшін осы білімді түсіну; операциялық дағдылар жиынтығы, міндеттерді шешу алгоритмін меңгеру; кәсіби іс-әрекетке шығармашылық тұрғыдан жақындау қабілеті», – деп есептейді [5].

Т.А. Селеменеваның пікірінше, оқытушының цифрлық құзыреттілігі өзінің кәсіби қызметінде ресурстарды сыни тұрғыдан бағалай білуі, материалдарды іріктеуі, оқу пәнінің ерекшелігін, студенттердің ерекшеліктерін, сабақтың белгілі бір тақырыбын ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану шеберлігі [6].

Интегративті тәсіл білім, білік, тәжірибе мазмұнын байытудың негізі болып табылады, оқу үдерісінің барлық компоненттерінің (оның міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, нәтижелері) кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған бағдарын анықтайды.

Зерттеушілер (М.И. Винокурова, В.П. Игнатъев, А.А. Дарамаева және т.б.) цифрлық құзыреттілікті білім, дағдылар, қатынастар, құндылықтар, сондай-ақ білім беру іс-әрекетінде АКТ-ны

дамытуға мүмкіндік беретін жеке тұлғалық қасиеттер ретінде сипаттайды. Авторлар оқытушының цифрлық құзыреттілігінің екі деңгейін анықтайды: базалық цифрлық құзыреттілік үш компонентті қамтиды: әлеуметтік (білім беру мекемелерінде АКТ-ны қолданудың этикалық және құқықтық нормаларын білу және оларды сақтау), ақпараттық (пәннің ерекшелігін ескере отырып, ақпараттық дағдыларды практикалық қолдану) және технологиялық (АКТ ресурстарын тікелей пайдалану мүмкіндігі); интегралды цифрлық құзыреттілік екі компоненттен тұрады: педагогикалық құзыреттілік (оқу үдерісінде АКТ қолдану және студенттердің компьютерлік сауаттылығын дамыту) және басқару (АКТ көмегімен білім беру үдерістерін талдау және жоспарлау мүмкіндігі) [7].

Жоғарыдағы ғалымдар көзқарастарын талдау, цифрлық құзыреттілікті жеке тұлғаның ақпараттық қажеттілікті анықтау, ақпаратты іздеу, дәстүрлі, баспа түрінде, электронды түрде де оның барлық нысандары мен көріністерінде жұмыс істеу қабілетін көрсететін интегративті білім ретінде қарастырылатынын көрсетеді.

Жоғары білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтардың цифрлық кәсіби құзыреттілігі бұл құбылысты зерттеудегі жүйелік-іс-әрекеттік тәсіл ерекше өзектілікке ие. Білім берудің цифрлық трансформациясының қарқынды жүруі оқу үдерісін жүзеге асыруға арналған сандық технологияларды кеңейтеді.

**Нәтижелер мен талқылау.** Цифрлық құзыреттілік кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктерін ескеретін компоненттермен, соның ішінде, тұлғалық-мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық тығыз байланысты.

Қазіргі жағдайда педагогтардың цифрлық кәсіби құзыреттілігінің тұлғалық ынталан-дырушылық құрамдас бөлігі ерекше қызығушылық тудырады. Өйткені, ол жеке тұлғаның кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды қолданудың саналы қажеттілігін көрсетеді. Бұл компонент «жеке тұлғаның педагогикалық қызметтің мақсаттары мен құндылықтарына, өзінің кәсіби дамуына саналы әрекетін білдіретін басым мотивтер жүйесімен сипатталады» [8, б.7].

Тұлғалық-мотивациялық компонент жалпы екі категорияға бөлінеді. Бірінші санатқа білім беру кіреді, оның ішінде білім берудегі танымдық қызығушылықтар, жаңаны меңгерудегі білім, білік, дағды қызметі және оны жүзеге асыру процесін қамтиды. Екіншісіне қарым-қатынас қажеттілігіне, бағалауға және кері байланысты бекітуге қатысты әрекеттер кіреді [9, б.23].

Сонымен, болашақ педагогтардың сандық технологияларды қолдануға ұмтылуы, өзін-өзі жетілдіру, өз бетімен жұмыс жасауы, жаңаға ұмтылуы мотивациялық құрамдас бөлік ретінде сипатталатын кәсіби қызметтің сыртқы мотивтерін сипаттайды. Танымдық компонент педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі маңызды, жаңа интеграцияланған білімнің болуы, оны үнемі жетілдіріп отыру қабілеті, шығармашылық әрекетке дайындығы, икемділігі және сыни тұрғыдан ойлау, кәсіби жағдайды талдай білу қажеттілігінен туындайды.

А.А. Абдуқадыров танымдық немесе когнитивтік компонентті компьютерлік технология саласындағы жалпы білім мен компьютерлік технологияларды кәсіби мәселелерді шешуде пайдалану бойынша педагогикалық білімдерді біріктіретін әдістемелік, теориялық және технологиялық білімдердің жиынтығы ретінде ұсынады [10].

Педагогтың өз бетімен білім деңгейін үнемі көтеруге дайындығы, жеке әлеуетін жаңартуы және оны іске асыру қажеттілігі, жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше меңгеру қабілеті, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы оның тұрақты құзыреттілігін арттыруда маңызды.

Цифрлық кәсіптік құзыреттілік болашақ мамандардың теориялық білімінің, іскерлігі мен дағдыларының жиынтығы ретінде, оның құрамына негізгі және арнайы білімдерді, дағдылар мен біліктілікті меңгеру қабілеті мен дайындығы енеді. Сандық оқыту құралдарын пайдалана отырып, педагогикалық үдерісті тиімді құруға арналған цифрлық технологиялардың бағыттары, соның ішінде дағдыларды қалыптастыру білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы цифрлық байланысты, кәсіби мүмкіндіктері мен ойлауын дамыту маңызды.

О.А. Абдуллина жалпы көзқараста іс-әрекеттің әдістері мен тәсілдерін меңгеру нәтиже-сінде білім мен дағдыны қандай да бір әрекетке пайдалану қабілеті ретінде қарастырады. Компьютер кәсіби қызметте, ақпараттың даму факторы ретінде мәдениеттілігі, өзін-өзі дамытуы, білім алушылардың бойында сол қасиеттердің қалыптасуы үдерісі деп сипаттайды. Бұл білім беру ақпаратын жинау және өңдеу, шығармашылық жобалар жасау дағдыларын қамтиды деп санайды [11].

Іс-әрекеттік тәсілде көптеген ақпаратты дұрыс талдау, синтездеу және жалпылау әдістерін меңгеру, ақпаратпен жұмысты технологияландыру, оңтайлы шешімді таңдай білу маңызды. Бұл ұғымды анықтауға әртүрлі ғалымдардың көзқарастарын талдағаннан кейін, іс-әрекеттік компонент

болашақ педагог-психологтардың кәсіби-педагогикалық білімін іс жүзінде жүзеге асыруда септігін тигізеді. Оның интеллектуалдық, танымдық, технологиялық дағдылар, оқу үдерісіне цифрлық технологияларды тиімді пайдалану үшін қажетті шараларды ескеру қажет. Цифрлық қауіпсіздікті және денсаулық сақтау стандарттарын, цифрлық құрылғыларды пайдалану ережелерін қамтамасыз ету маңызды.

Ақпараттандыру тұжырымдамасының негізін қалаған ғалымдар (Т.О. Балықбаев, Е.Ы. Бидайбеков, В.В. Гриншкун) әртүрлі аппараттық құралдарды, байланыс арналарын және электронды ресурстарды интеграциялауға бағытталған цифрлық университеттің ақпараттық білім ортасының моделін ұсынады. Сонымен бірге жоғары оқу орнындағы болашақ педагог бакалаврларды даярлауда «Білім берудегі цифрлық технологиялар» оқу пәнін енгізудің қажеттілігін «Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәніне сәйкес жасап, негіздейді. Осы екі оқу курсы-ның мазмұны инвариантты деп есептейді [12].

Н.Д. Берман «цифрлық сауаттылықты цифрлық әлемде өмір сүруге қажетті тұлғалық, техникалық және интеллектуалдық дағдылар деп есептейді. Автордың пікірінше, цифрлық технологиялар қоғамда негізгі орын алатындықтан, цифрлық құзыреттілікті түсіну техникалық аспектілерге байланысты кеңейіп, цифрлық сауаттылық ұғымы цифрлық қолданысты, цифрлық құзыреттілікті, цифрлық қауіпсіздікті қамтиды [13].

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі оның біліміне, іс-әрекет тәжірибесіне және құндылық бағдарына негізделген интегративті кәсіби тұлғалық сапа, оны дамыту инновациялық сипатын, іс-әрекетінің шығармашылық стилін қамтамасыз етеді.

Н.С.Гриценко педагогтардың цифрлық құзыреттілігін зерттей отырып, оның төмендегідей құрылымын анықтайды:

– құндылық-мотивациялық компонент кәсіптік оқытудың мотивтерін, мақсаттарын, қажеттіліктерін жетілдіруді, өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін-өзі дамытуды, кәсіби қызметте өзектендірудің құндылық көзқарастарын қамтиды, кәсіби қызметте тұлғаның шығармашылық көрінісін ынталандырады;

– когнитивтік компонент ақпаратты өңдеу және ақпараттық объектілермен жұмыс істеу дағдыларын еркін меңгеруін, сәйкесінше кәсіби білім мен біліктілігін жетілдіру, пәнаралық байланыстарды білу дағдыларын қамтамасыз етеді, даму деңгейі пәндік саладағы білімінің толықтығымен, тереңдігімен, жүйелілігімен анықталады;

– іс-әрекеттік компонент өзін-өзі жетілдіру мен шығармашылықты тану және дамыту құралы ретінде кәсіби қызметте ақпараттық технологиялар мен компьютерді белсенді қолдануын сипаттайды;

– коммуникативтік компоненті тұлғааралық қатынастарды орнату, әртүрлі жағдайларда қарым-қатынастың оңтайлы стилін таңдау, ауызша және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын игеру қабілетінен көрінеді;

– рефлексивтік компонент өзіне және әлемге, оның практикалық қызметіне және оны жүзеге асыруға қатынасымен анықталады [14].

Р.Н. Сафина оқытушының цифрлық құзыреттілігін педагогикалық іс-әрекетінде АКТ-ны нәтижелі және тиімді пайдалану қабілеті деп түсіндіреді. Цифрлық құзыреттіліктің құрамдас элементтеріне қосымша білім, дағдылар, қабілеттер мен көзқарастар, АКТ-мен жұмыс істеудің техникалық дағдылары, оқу-тәрбие үдерісінде көрсетілген ресурстарды қолдану қабілеті және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы білім беру және тәрбие үдерісін жоспарлау, талдау және басқару мүмкіндігі жатқызылады. Сонымен қатар ресурстарды сыни тұрғыдан бағалап, оларды қолданудың әлеуметтік және этикалық аспектілерімен таныс болуы керек [15].

Жалпы алғанда ғалымдар оқыту үдерісінің мақсатына сәйкес педагогтың құзыреттіліктерінің құрылымдық және функционалдық-процессуалдық компоненттерін бөліп көрсетеді.

Цифрлық білім цифрлық компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы оқытушы мен студент арасында коммуникацияның, біліммен, идеялармен және тәжірибемен алмасудың инновациялық мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін білім.

Кәсіптік білім беру үдерісін цифрландырудың өзектілігі мен маңыздылығы кәсіптік білім беру жүйесін бейімдеу қажеттілігінен туындайды және цифрлық экономика мен цифрлық қоғамның сұраныстарына оқыту, олардың қалыптасуы қазіргі дәуірдің жаһандық трендтері болып табылады.

Білім беруді цифрландыру білім беру үдерісін қарқындалтуға, қабылдаудың, түсінудің және білімді игерудің жылдамдығы мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды таңдау мен жүзеге асырудың табыстылығын анықтайтын инновациялық іс-әрекетінің қажетті құрамдас бөлігі, кәсіби маңызды қасиеттерімен (эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық, іскерлік, дүниетанымдық) бірге қалыптасуы қажет.

Сондықтан болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту үшін электрондық білім беру ресурстарын құру; мотивациялық, ақпараттық-танымдық, іс-әрекеттік салаларына кешенді педагогикалық әсер ету; білім беру үдерісінің ресурстық-бағдарланған оқыту технологиясын қолдануға бағдарлануы; біліктілікті арттыру жағдайында желілік жобалар мен онлайн курстарды әзірлеуге және іске асыруға тарту; т.б.

Сонымен цифрлық құзыреттіліктің құрылымын анықтау оның құрамдас бөлігінің көрсеткіштерімен сипатталады. Кестеде көрсетілгендей, болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігі сандық экономика жағдайында қоғам талаптарына жауап беретін заманауи мамандардың кәсіби шеберлігінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады (1-кесте).

Кесте – 1.Болашақ педагог–психологтардың цифрлық құзыреттілігінің құрылымы


Құрамдас бөлігі	Көрсеткіштер
1.Тұлғалық-мотивациялық	1) білім беруді цифрландыру жағдайындағы кәсіби іс-әрекетке қатысты педагогтың кәсіби және жеке ұстанымы; 2) білім беруді цифрландыру мәселелеріне қызығушылығының болуы; 3) цифрлық технологияларды меңгеру үдерісіндегі психологиялық жайлылығы; 4) цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мотивтері; 5) цифрлық технологияларды дамыту нәтижелеріне қол жеткізу мүмкіндігі және т.б.
2. Танымдық	1) өзінің кәсіби іс-әрекетінің нормативтік құқықтық базасын заманауи және қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын жобалау талаптарын білуі; 2) білім алушылардың цифрлық ерекшеліктерін және оларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру тәсілдерін білуі; 3) негізгі цифрлық білім беру ресурстары мен платформаларының мүмкіндіктерін білуі және т.б.
3. Іс-әрекеттік	1) цифрлық технологиялар мен платформаларды пайдалана отырып, өзінің кәсіби іс-әрекетінің нәтижесін болжау қабілеті; 2) денсаулық сақтау технологияларын, цифрлық технологиялар мен платформаларды пайдалана отырып, педагогикалық үдерісті жобалау және жоспарлау мүмкіндігі; 3) цифрлық білім беру ресурстарының негізгі түрлерін ажырата білуі және оның тиімділігін арттыру үшін кәсіби іс-әрекеттің тиісті кезеңдерінде қолдана білуі; 4) цифрлық ортада тұлғааралық өзара әрекеттесу мен қарым-қатынасты құру мүмкіндігі және т.б.
4. Рефлексиялық-баулаушылық	1) цифрлық технологияларды меңгерудің жеке нәтижелерін бағалай білуі; 2) цифрлық технологияларды дамытуда, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануда шығармашылық шешімдер қабылдау қабілеті; 3) цифрлық білім беруді пайдалана отырып, цифрлық технологияларды меңгеру барысында туындайтын кәсіби қиындықтарды тани білуі; 4) сандық технологияларды енгізу бойынша кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі бақылауы; 5) бақылау және бағалау іс-әрекетін жүзеге асыруы, мүмкіндік нәтижелерін қорытындылауы және т.б.

Студенттердің болашақ педагог-психолог ретінде цифрлық құзыреттілігін дамытуда сандық технологияларды қолдану тәжірибесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің цифрлық сауаттылығын айқындауға бағытталған сұрақтарға берілген жауаптарына назар аударатын болсақ, 25%-ы «Компьютер маған күнделікті мәселелерді шешуге көмектеседі» деген пікірмен келіседі; 20%-ы «Заманауи гаджеттер мен қосымшалар адамдарға күнделікті өмірде көмектеседі, өмірді жеңілдетеді» деген тұжырымға келеді; 12%-ы ғана трендте болуға тырысады; 14%-ы білім беру технологиялары саласындағы технологиялық жаңалықтарды қадағалайды; 13% – оқытуда цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын өз бетінше жетілдіреді; 16% түрлі онлайн оқыту түрлеріне жиі қатысады (1-сурет).




Сурет 1– Цифрлық сауаттылық

Цифрлық технологияларды пайдалану тәжірибесі, яғни ұзақтығы бойынша «Сіз өзіңіздің сандық технологияны қанша уақыт қолдандыңыз?» сұрақтың жауаптары: бір жылдан аз – 12%, 1–2 жыл – 12%, 3–5 жыл – 36%, 6–10 жыл – 20%, 11–15 жыл – 16%, 16 жыл және одан да көп – 4%. Сондықтан 2– суретте цифрлық технологияларды пайдалану ұзақтығын көрсететін диаграмма ұсынылған.




Сурет 2 – Цифрлық технологияларды пайдалану ұзақтығы

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 52% «Мен үшін компьютерде жұмыс істеу оңай» мәлімдемесімен келіседі, ал қалған 48% – компьютермен жұмыс істеу кезінде аздап қиындықтарға тап болатынын атайды. 72% – ы «Мен интернетті белсенді қолданамын» деген мәлімдемемен толық келіседі, ал 28% – ы бұл мәлімдемемен келіспейтінін білдіреді (3–сурет).



Сурет 3 – Компьютермен жұмыс істеу біліктілігі

«Мен жаңа қосымшаларға, бағдарламаларға, ресурстарға қызығушылық танытамын» деген мәлімдемеге жауаптар ауқымы кең болып шықты: «келіспеймін» – 18%, «келісемін» – 32%, «міндетті түрде келісемін» – 22%, «мүлдем келіспеймін» – 28%. 4-суретте студенттердің жаңа қосымшаларды өз бетінше үйренуге деген қызығушылығын көрсететін диаграмма ұсынылған.



Сурет 4 – Қосымшаларға, бағдарламаларға, ресурстарға қызығушылығы

Сонымен бұл сауалнама нәтижелері цифрлық құзыреттілік – бұл білімнің, біліктің және дағдылардың күрделі кешені екенін көрсетеді, оның ішінде: цифрлық білім беру ресурстары мен білім беру платформаларының сан алуан түрлерін білуі; әр түрлі білім беру порталдары негізінде интерактивті режимде жеке тапсырмаларды құрастыра алуы; сан алуан түрлі ақпараттық-білім беру құралдарын пайдалана отырып, қашықтықтан оқу сабақтарының, ғылыми және сабақтан тыс іс-шаралардың түрлерін өткізу дағдыларының қалыптасуы, цифрлық құзыреттілікті дамытуға ынталану қабілетінің болуы және т.б.

Қорыта келгенде, цифрлық құзыреттілік цифрлық технологияларын меңгеру, ақпаратты сыни қабылдау мен оның дұрыстығын тексеру қабілеттілігін, интернет желісінде орналастыруға арналған мультимедиялық контент құра білу біліктілігін, мобильдік құралдарды қарым-қатынаста пайдалануға дайындығын, интернет арқылы қаржылық операцияларды орындау біліктілігін қамтиды.

Біздің пікірімізше, болашақ педагог-психологтардың электронды білім ресурстарын кәсіби іс-әрекетте пайдалануының функционалдық мүмкіндіктері олардың мынадай сипаттарымен анықталады:

– интерактивтілігі (ақпараттарды белсенді алмасу және кері байланысты жасау);



- коммуникативтілігі (білім беру үдерісінің әртүрлі субъектілерімен өзара әрекеттесу);
- мультимедиялығы (материалдарды мәтін, анимация, графика, видео, аудио түрінде ұсыну);
- құбылысты және объектілерді талдау үшін компьютерлік моделдеу;
- ақпараттарды өңдеу бойынша әртүрлі іс-әрекеттерді автоматтандыру.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылы 15 ақпанындағы №636 жарлығымен бекітілген.
2. Аймағанбетов А. «Цифрлық білім». Баяндама. 2020 жыл, 30 маусым.
3. Роберт И.В. Влияние тенденций информатизации, массовой глобальной коммуникации современного общества на профессиональное образование // Учен. зап. – М., 2004. – Вып. 12. – С. 3–14.
4. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. Оқулық. – Алматы, 2014. – 352б.
5. Тоджибаева К.С. Профессиональная педагогическая компетентность учителя: феноменология понятия // Вопросы науки и образования. – 2018. – № 27 (39). – С. 95–97.
6. Селеменова Т.А. Направления совершенствования цифровой компетентности преподавателя ВУЗа в условиях современной образовательной среды // В сборнике: Цифровая трансформация современного образования. – 2020. – С. 99–102.
7. Винокурова М.И. Цифровая компетентность преподавателя как необходимое условие подготовки студентов в системе СПО // М.И. Винокурова, В.П. Игнатъев, А.А. Дарамаяева // Современные наукоемкие технологии. – 2020. – № 11–2. – С. 348–352.
8. Шаматов Д. «Білімге құштарлық». – Бішкек, 2020.
9. Сүйлейменова З.Е. «Білім берудегі менеджмент». Оқу құралы. – Алматы, 2021.
10. Абдукадыров А.А. Кейс-технология как средство повышения компетентности будущих инженерно-педагогических кадров // А.А. Абдукадыров, Б.З. Тураев // Молодой ученый. – 2013. – № 6 (53). – С. 659–665.
11. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: Для пед. спец. высш. учеб. заведений. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1990. – С. 141.
12. Гриценко Н.С. Развитие цифровой компетентности преподавателей в условиях дистанционного обучения // В сборнике: Промышленная революция 4.0: взгляд молодежи. – 2020. – С. 85–86.
13. Берман Н.Д. К вопросу о цифровой грамотности. Society of Russia: educational space? Psychological structures and social values. 2017, Volum 8, Number 6–2.
14. Балыкбаев Т.О., Бидайбеков Е.Ы., Гринишкун В.В. КазНПУ – «Цифровой университет»: особенности формирования и развития // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Физико-математические науки», №2(62), 2018 г. – С.13–19.
15. Сафина Р.Н. Совершенствование цифровой компетентности преподавателей учреждений СПО в условиях повышения квалификации // В сборнике: Перспективы и приоритеты педагогического образования в эпоху трансформаций, выбора и вызовов. – 2020. – С. 93–102.

*References:*

1. «Qazaqstan Respwblikasınıñ 2025 jilğa deyingi ulttıq damw josparı» Qazaqstan Respwblikası Prezidentiniñ 2018 jılı 15 aqpanındaғы №636 jarlıғымен bekitilgen.
2. Аймағанбетов А. «Cıfrlıq bilim». Bayandama. 2020 jil, 30 mawsım.
3. Robert I.V. Vliyanie tendentsiy informatizatsii, massovoy global'noy kommunikatsii sovremennogo obshchestva na professional'noye obrazovaniye // Uchen. zap. – M., 2004. – Vyp. 12. – S. 3–14.
4. Bıdaybekov E.I. Bilimdi aqparattandırw jäne oqıtıw мәseleleri. Oqwlıq. – Almatı, 2014. – 352b.
5. Todzhibayeva K.S. Professional'naya pedagogicheskaya kompetentnost' uchitelya: fenomenologiya ponyatiya // Voprosy nauki i obrazovaniya. – 2018. – № 27 (39). – S. 95–97.
6. Selemenewa T.A. Napravleniya sovershenstvovaniya tsifrovoy kompetentnosti prepodavatelya VUZa v usloviyakh sovremennoy obrazovatel'noy sredy // V sbornike: Tsifrovaya transformatsiya sovremennogo obrazovaniya. – 2020. – S. 99–102.
7. Vinokurova M.I. Tsifrovaya kompetentnost' prepodavatelya kak neobkhodimoye usloviye podgotovki studentov v sisteme SPO // M.I. Vinokurova, V.P. Ignat'yev, A.A. Daramayeva // Sovremennyye naukoymkiye tekhnologii. – 2020. – № 11–2. – S. 348–352.
8. Şamatov D. «Bilimge quştarlıq». – Bişkek, 2020.

9. Süyleymenova Z.E. «Bilim berwdegi menedjment». Oqw quralı. – Almatı, 2021.

10. Abdukadyrov A.A. *Keys–tehnologiya kak sredstvo povysheniya kompetentnosti budushchikh inzhenerno–pedagogicheskikh kadrov*/A.A. Abdukadyrov, B.Z.Turayev//*Molodoy uchenyy*. – 2013. – № 6 (53). – S. 659–665.

11. Abdullina O.A. *Obshchepedagogicheskaya podgotovka uchitelya v sisteme vysshego pedagogicheskogo obrazovaniya: Dlya ped. spets. vyssh. ucheb. zavedeniy*. – 2–ye izd., pererab. i dop. – M.: Prosveshcheniye, 1990. – 141s.

12. Gritsenko N.S. *Razvitiye tsifrovoy kompetentnosti prepodavateley v usloviyakh distantsionnogo obucheniya*//*V sbornike: Promyshlennaya revolyutsiya 4.0: vzglyad molodezhi*. – 2020. – S. 85–86.

13. Berman N.D. *K voprosu o tsifrovoy gramotnosti. Society of Russia: educational space? Psychological structures and social salues*. 2017, Volum 8, Number 6–2.

14. Balykbayev T.O., Bidaybekov Ye.Y., Grinshkun V.V. *KazNPU – «Tsifrovoy universitet»: osobennosti formirovaniya i razvitiya*//*Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Fiziko–matematicheskiye nauki»*, №2(62), 2018 g. – S.13–19.

15. Safina R.N. *Sovershenstvovaniye tsifrovoy kompetentnosti prepodavateley uchrezhdeniy SPO v usloviyakh povysheniya kvalifikatsii*//*V sbornike: Perspektivy i priority pedagogicheskogo obrazovaniya v epokhu transformatsiy, vybora i vyzovov*. – 2020. – S. 93–102.

УДК 378.048.2  
МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.004>

Сыздықбаева А.Д.,<sup>1\*</sup> Абдиганбарова У.М.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан

## АКТОРЫ АКАДЕМИЧЕСКОГО МОШЕННИЧЕСТВА В ОБУЧЕНИИ

### Аннотация

В статье рассматривается феномен академического мошенничества, который представлен понятиями нечестное поведение, обман, жульничество обучающихся. Цель исследования на основе анализа более 40 зарубежных исследований (Cizek, McCabe, Whitley, Bowers, Jacobson, Berger, Millhan, Haines, Diekhoff, LaBeff, , Calabrese & Cochran, Davis, Grover, Becker, & McGregor, Michaels & Miethe, Newstead, Franklyn-Stokes, & Armstead, Anderman и Midgley, Evans, Craig, & Mietzal, Diekhoff, Haines, Rettinger & Jordan, Michaels & Miethe; Smith, Ryan, & Digging, Taylor, Pogrebin, & Dodge, Schab, Dawkins, Murdock, Hale, & Weber, Finn & Frone, Kerkvliet, Roig & DeTommaso, Malinowski & Smith, Ward & Beck, Шмелева, Дремова и другие) определить портрет актора академического мошенничества. Авторы выделяют предикторы нечестного академического поведения такие как: гендерные, межкультурные различия, семейное положение, религиозные убеждения, оценка самооффективности, уровень способностей обучающегося, предметная область, групповой менталитет, членство в братствах или женских клубах, академическая успеваемость, цели обучения, внутренний интерес к предметной области, самоконтроль, физиологические особенности (импульсивность, потребность в ощущениях, стремление к сенсациям), моральное развитие и дополнительные личностные характеристики, такие как тип личности и локус контроль. Анализ исследований показал, что актор академического мошенничества не имеет четкого профиля, все указанные выше переменные (демографические, академические, мотивационные и личностные характеристики) нужно рассматривать и с точки зрения ситуационных факторов, в которых это поведение осуществлялось. В исследованиях наблюдается тенденция, что акторы считают академическое мошенничество не наказуемым, часто игнорируемым и технологически простым нарушением, это в свою очередь выступает проблемой для будущих исследований в этой области.

**Ключевые слова:** академический обман, нечестное академическое поведение, жульничество, предикторы академического мошенничества, акторы академического мошенничества, портрет академического мошенника.